



# Жалаң сөз және оның морфологиялық құрылымы

Орындаған: Чубаева  
Қарқара



A scroll of parchment is unrolled, showing text in a serif font. The scroll is set against a dark background with decorative, light-colored scrollwork on the left and right sides. In the foreground, a quill pen lies horizontally, and a lit candle in a dark holder sits on a small, light-colored saucer. The candle's flame is visible, casting a soft glow.

**Сөздің морфологиялық құрылымы мен мағыналық бөлшектері туралы мағлұмат.** Сөздер морфологиялық құрылымы, морфемалық құрамы жағынан алуан түрлі болады: *бір морфемадан да, екі морфемадан да* (бас – та, қол - да) *бірнеше* (бас, қол) *морфемадан да* (бастауыш қолданылыса) құрала береді. Сөз құрамындағы морфемалардың әр қайсысының өзіне тән мағынасы болады. Мысалы: көлшікке деген сөздің құрамындағы үш морфеманың біріншісі (көл) заттық мағынаны білдірсе, екіншісі (-шік) кішейткіш мағынаны, соңғысы (ке) бағыт мағынасын білдіреді. Мағыналық тұрғыдан қарағанда, морфема сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші мағыналық бөлшек болып саналады. Сөз де, морфемада дыбыстан немесе дыбысытың тіркесінен құралады.

**Дыбыс** – тілдің ең кіші единицасы, бірақ ол өздігінен мағыналық единицасы емес, ең кіші фонетикалық единицасы.

Морфемалар мағынасы мен қызметі жағынан әр түрлі. Морфемалардың ішінде негізгі лексикалық мағынаны білдіретіндері де, грамматикалық мағынаны білдітіндері де бар. Мысалы: көлшікке деген сөздің құрамындағы көл морфемасы негізгі лексикалық мағынаны білдірсе, -шік, және – ке морфемалары грамматикалық мағыналарды білдіреді.


Жалпылама лексикалық мағынаны білдіретін морфема **түбір морфема** немесе **негізгі морфема** деп аталады да, грамматикалық мағыналарды білдіретін морфема **аффикстік морфема** немесе **көмекші морфема** деп аталады.

Жалаң негізден, яғни тек жалаң түбірдің өзінен, құралған сөздер түбір сөздер деп аталады, туынды негізден, яғни түбір мен жұрнақтың қосындысынан, құралған сөздер туынды сөздер деп аталады.

Өз алдына дербестігі жоқ, тек сөз құрамында түбір морфемаға жалғанып қолданылғанда ғана, белгілі бір мағынаға ие болатын көмекші морфемалар аффикстік морфемалар немесе аффикстер.

Дербестігі жоқ түбірден немесе дербестігін сақтаған (бір) түбір морфемадан сөз жасайтын мұндай аффикстерді сөз тудырушы аффикстер дейміз. Сөз тудырушы аффикстердің мағынасы – деривациялық мағына деп аталады.

Сөз бен сөзді байланыстырып, олардың бір – біріне қатысын білдіретін аффикстер сөз түрлендіруші аффикстер, ал олардың грамматикалық мағыналары реляциялық мағына деп аталады.



## □ 1-Тапсырма

- Текстегі грамматикалық сөздерді теріп жазыңыздар. Олардың лексикалық мағына беретін бөлігі мен грамматикалық мағына беретін бөлігінің арасындағы байланысты түсіндіріп, қандай грамматикалық мағына үстелеп тұрғанын мына үлгі бойынша жазыңыздар.
  
- 
- **Үлгі:** Қазақ- жалқылық (атаулық), халқының- иелік, ауыз әдебиетінде- мекен, сыр мен сымбаты- иелік, келіскен- қимыл-сындық, жүрек толықтырарлық- сындық, бейнелер- жалпылылық (заттық), жасалынған ғой- қимылдық.
  
- Қазақ халқының ауыз әдебиетінде сыр мен сымбаты келіскен жүрек толықтырарлық бейнелер жасалынған ғой. Соның ішінде бекзат болмысымен ерекше елеулісі, көңілге де, көзге де көрікті, қиялды қозғап, ойды оятарлық сүйкімдісі- әйел образы. Әрине, осынау тұтас жалпы айтылған “әйел образы” деген ұғымды жіктеп, жүйелеп, бөлшектеп айтар болсақ, онда жс ерекшелігіне, өмірдің қай баспалдағына екендігіне орай бірнеше түрлерге бөліп, бірнеше атаулармен атауға болады. Мәселен, қыз. Қарындас, жар, келіншек, ана, бәйбіші т.с..с. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері, қасиеттері, көркемдік кестесі мен мәнері, суреттегіш, бейнелегіш құралдары болатынын айту керек.
  
- Әлимсақтан бері, аңыз-әңгімелер мен хикая-әңгімелерде, халық жырлары мен лиро-эпостық шығармаларында әйел образы терең, таза сезіммен, ынтызарлықпен жырланып келеді.

---

□ **2-тапсырма**

□ **Бақылау сұрақтары**

□

□ Сөздің лексикалық және грамматикалық мағынасын түсіндір.

□ Грамматикалық мағына жасаушы тәсілдерді ата.

□ Қазақ тілінде кездеспейтін грамматикалық мағына жасаушы тәсілдер.

□ Бәреу тәсілі мен қосарлану тәсілдерінің ерекшеліктерін түсіндір.

□ Екпін және интонация тәсілдерінің ерекшеліктерін айтып бер.

□ Қазақ тілінде көп қолданылатын грамматикалық тәсілдерді ата.

□

- 
- **3-тапсырма**
  - **Глоссари**
  - Лексика және грамматика терминдерінің мағынасы.
  - Тілдің лексикалық және грамматикалық құрылысы.
  - Грамматикалық тәсіл.
  - Аффиксация.
  - Ішкі флексия тәсілі.
  - Қосарлану.
  - Тіркесу.
  - Бірігу.
  - Интонация тәсілі.
  - Сөздердің орын тәртібі тәсілі.
  - Екпін тәсілі.